

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

Қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<Тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӨ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы> бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӨ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 92 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алуды жүзеге асырудың негізі> тармақшасына және _____ <хаттаманың бекітілген күні> тікелей шарт жасасу тәсілімен <қызметтердің атауы> сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес сатып алу туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші Жеткізушіден тікелей шарт жасасу тәсілімен <ҚҚС сомасын қоспағанда> <қызметтердің атауы> қызметті _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) сомада сатып алу шешімін қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген мерзімде және талаптармен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі – Қызмет) қызмет көрсету міндеттемесін өзіне қабылдайды.

1.3. Жеткізуші Тапсырыс берушінің телефон арқылы берілген және өтінім беру журналына тіркелген өтінімдеріне, Шартта көрсетілген шарттарға, талаптарға және бағаларға сәйкес Қызмет көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Қызметті қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенеді.

Қызмет бағасы 1 текше метр үшін ҚҚС сомасын қосқанда (қоспағанда) _____ (сомасы сөзбен) теңге __ тиын. Қызметтің жалпы көлемі – 42 текше метр.

1.4. Сатып алынатын Қызметтің тізбесі мен техникалық ерекше нұсқамасы Шартқа 1 және 2 қосымшаларда көзделген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __

тиын) (бұдан әрі - Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құнынан <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады> (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады). Шарттың жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баж салықтары мен өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығысы кіреді.

2.2. Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы Шарт бойынша ақы төлейді:

көрсетілген Қызмет үшін Жеткізуші төлем шотын (шот-фактураны) ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 15-бөлімінде не Шарттың 11.1-тармағында көзделген хабарламада көрсетілген Жеткізушінің жеке сәйкестендіру кодына ай сайын ақша аудару арқылы.

Төлем шоты (шот-фактура) көрсетілген қызмет актісіне (бұдан әрі - Акт) Тараптардың екеуі де қол қойғаннан кейін беріледі.

Қағаз тасымалдауыштағы төлем шоты Тапсырыс берушіге Жеткізушінің басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға қол қойған ілеспе хатпен бірге беріледі. Ілеспе хатта Жеткізуші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жазып береді.

2.3. Барлық салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баж салықтарына және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін осы сияқты өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы салынуға тиіс (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші түпкілікті табыс алушы болса және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеу кезінде салық салудан босатуды немесе тиісті халықаралық шартта көзделген салықтың төмендетілген мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысына қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Салық салудан босату немесе салықтың төмендетілген мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шартты қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен

мажоритарлық акционерлері көрсетіле отырып, құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де осыған ұқсас құжаттан) үзінді-көшірмені ұсынған жағдайда ғана рұқсат етіледі (*осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады*).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі құрылған жағдайда Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде бейрезиденттің тіркелуін растайтын құжатты ұсыну талабымен Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамай Жеткізушіге табыс сомасын төлейді (*осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады*).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және Тапсырыс беруші оларды келесі күнтізбелік 5 (бес) күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып қабылдайды.

2.11. Тараптар қажеттілікке қарай Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған тиісті Актіні жасай отырып, екі жақты тәртіппен өзара есеп айырысуларды салыстырып тексереді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізуші көрсеткен Қызметті Шарт талаптарына сәйкес Акт негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажет құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес Қызметке ақы төлеуге міндеттенеді;
- 4) Қызмет көрсету үшін арнайы автокөліктің еркін келуін қамтамасыз етуге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша жұмыс орнында кіріспе нұсқама және нұсқама жүргізуге;
- 6) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалау, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа да құқыққа қайшы әрекеттер анықталған жағдайда, бұл туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді.
- 7) Тараптардың Шарттан туындайтын және онда реттелмеген мәселелерін және басқа да қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге және/немесе реттеуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарт талаптарына сәйкес Қызметтің толық көлемде және мерзімде тиісінше көрсетілуін талап етуге;
- 2) көрсетілетін Қызметтің көрсетілу барысын, сапасын және көлемінің толықтығын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметті қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, олқылықтар, қателер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген

мерзімде жоюды талап етуге не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жібере отырып, ішінара немесе толығымен ақы төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға.

4) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға;

5) Жеткізушіден Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және туындауына Жеткізушінің кінәсі жоқ объективті себептер болған кезде өзінің қалауы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;

7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген мерзімде және тәртіппен негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеу салдарынан Шарт бұзылса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болған кезде) құқылы.

8) Жеткізушіден оның өкілдерінің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын сақтауын талап етуге;

9) Жеткізушіден Қазақстан Республикасының Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбекті қорғау жөніндегі қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің ғимараты мен аумағында, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындарында электр қондырғыларын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауды талап етуге;

10) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда ақы төлемеуге;

11) Шарттың талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеткізушіге есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлды) алып тастап төлем жүргізуге;

12) Шарттың 2.2-тармағында көрсетілген қағаз тасымалдағыштағы немесе электронды түрдегі құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда, Жеткізушіге себептерін көрсетіп, қағаз тасымалдағыштағы құжаттарды қайтаруға немесе электронды құжатты қабылдауға келіспейтіні туралы хат жолдауға;

13) Шартқа сәйкес екінші Тарапқа кез келген хабарлама жіберген кезде оны поштамен, факспен, электрондық поштамен немесе кез келген басқа тәсілмен жіберуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда толық көлемде Қызмет көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсету барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) білікті мамандардың Қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметті қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/жояудан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеуге және құпия сақтауға;

7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Жеткізуші Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте Шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші дереу Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен де, ішінара да ешкімге бермеуге *(қажет болғанда)*;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан <мөлшері пайызбен> мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндеттенеді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талабы болғанда).

12) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетел азаматтары мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні бұрын):

Қызметті көрсетуге тартылатын қызметкерлердің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, рұқсат берілетін жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кіруге рұқсат беру туралы;

атауын, маркасын, түрі мен санын көрсете отырып, жабдықтар мен құрал-саймандарын алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын және Шарт талаптарын орындау барысында оларды пайдалану қажеттігін негіздей, оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсете отырып, қызметтік: есептеуіш техника құралдарын (компьютерлерді, тасымал компьютерлерді және басқаларын), тасымалды электронды ақпарат тасымалдауыштарын (флеш-дискілерді, CD, DVD-дискілерді, магнитті таспаларды, ZIP, қатқыл дискілерді және басқаларын), бейне-, кино-, фототүсіру функцияларынсыз және ашық операциялық жүйе мен функцияларсыз қалта телефондарын (WI-FI, WI-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімді модульдерін) алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, автокөлік құралдарын (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (қажет жағдайда ұсынылады) хат жіберуге;

13) Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кіру кезінде жеке басын куәландыратын құжатты өзімен бірге алып жүруге және (кіру/шығу кезінде) тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге;

14) бақылау-өткізу пунктінің (бұдан әрі – БӨП) көлік шлюзі арқылы жіберілетін көлік құралдарындағы тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, көлік құралдарының тіркеу құжаттарын, әкелінген мүлікке ілеспе құжаттарды көрсетуге және келу мақсаты туралы хабарлауға;

15) Тапсырыс берушінің аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) мына заттарды:

атыс, суық қару және өзге қаруларды, оқ-дәрілерді;

жеке қарап бақылау құралдарын, бейне -, кино- және фотоаппаратураларды, жазып алу құрылғыларын, есептеу техникасын, ақпаратты машиналық тасымалдағыштарды (флеш-

карталар, USB – дискілер және басқалар), мобильді байланыс құралдарын, сондай-ақ олардың керек-жарақтарын, жеке электронды техниканы, адам ағзасына емдік немесе профилактикалық әсер етуді қолдауға не ағза органдары мен жүйелерінің функциясын ауыстыру немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағандағы радиотехникалық және басқа аппаратураларды;

деректерді беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілерге және Интернет желісіне (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 5G және басқалары) шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғыларды, соның ішінде сымсыз құрылғыларды;

уландырғыш заттарды және күшті әсер ететін улы заттарды;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттарды;

радиоактивті заттарды;

психотроптық заттарды, жарылғыш заттарды, жарылғыш құрылғыларды, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын заттарды;

алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарды, тез тұтанатын сұйықтықтарды (өндірістік мақсаттарға қажеттілерді қоспағанда) көлікпен әкелуге (әкетуге), алып кіруге (алып шығуға), сондай-ақ пайдалануға тыйым салу туралы режимдік талаптарды сақтауға;

16) Қызмет көрсету басталғанға дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызмет көрсетуге тартылған қызметкерлердің өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі жұмыс орнында кіріспе нұсқамадан және нұсқамадан өтуін қамтамасыз етуге;

17) Қазақстан Республикасының Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбекті қорғау жөніндегі қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің ғимараты мен аумағында, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындарында электр қондырғыларын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауды талап етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

18) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

19) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс беруші белгілеген режимдік талаптарды орындауға;

20) Жеткізуші, бірлесіп орындаушы қызметкерлерінің Қызмет көрсету кезінде алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеу туралы міндеттемеге Қызмет көрсету басталғанға дейін қол қоюын қамтамасыз етуге;

21) Қызмет көрсету кезінде және ақауларды жою кезінде санитариялық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да халықаралық (қазақстандық) стандарттарға, талаптарға, нормаларға, қағидаларға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай келетін автокөлікті, жаңа, пайдаланылмаған және тиісті (жоғары) сападағы жабдықтарды, материалдарды, конструкцияларды, тораптар мен бөлшектерді пайдалануға. Жабдықты, автокөлікті, сапалы материалдарды, конструкцияларды, тораптар мен бөлшектерді беруге байланысты барлық шығындарды Жеткізуші өзіне алады;

22) Шарт бұзылған жағдайда өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне оны Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға құқылы;

23) Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауға;

24) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге, Тапсырыс берушіге шығындарды толық өтеуге және Шарттың талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге;

25) Қызмет көрсету кезінде Жеткізушінің кінәсінен үшінші тұлғаларға залал келтіру немесе бұзушылықтар жіберу себебінен олардың Тапсырыс берушіге қоятын талаптары мен шағымдарынан Тапсырыс берушіні қорғауға;

26) Қызмет көрсету кезеңінде Қызмет көрсету жөніндегі қызметті үйлестіру үшін

байланыстырушы тұлғаны белгілеуге;

27) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалау, лауазымды адамды параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа да құқыққа қайшы әрекеттер анықталған жағдайда, бұл туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша хабарлауға;

28) Тараптардың Шарттан туындайтын және онда реттелмеген мәселелерін және басқа да қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге және/немесе реттеуге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызмет көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруіне рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызмет үшін ақы алуға құқылы.

4) өндірістік қажеттілік жағдайында, Қызмет көрсету кезінде мереке, демалыс күндері, сондай-ақ жұмыстан тыс уақытта жұмыс істеуге құқылы.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі – Шарттың 1.3-тармағына сәйкес берілген Тапсырыс берушінің өтінімдеріне сәйкес 2026 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында.

4.2. Қызметтер көрсету орны: A01T7M2, Алматы қ., Райымбек даңғылы, № 511 үй.

4.3. Жеткізуші Шарттың 1.3-тармағына сәйкес тіркелген өтінім берілгеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қызмет көрсетеді.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Әр күнтізбелік айдың қорытындысы бойынша Актіге қол қойылады. Акт Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша жасалады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауап береді.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өз құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтегі ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда – ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыздан) аспайтын

мөлшерде өсімпұл;

3) көрсетілген Қызметтегі ақауларды жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартылған жағдайда Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыздан) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды Жеткізушінің өтеуін талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін ақы төленуге тиіс сомадан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 15 % (он бес пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде ұсынбаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілмеген сомасынан <цифрмен> % (<жазумен> пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болған кезде).

6.10. Жеткізуші Тапсырыс берушінің мүлкіне, өз қызметкерлері мен бірлесіп орындаушы қызметкерлерінің меншігіне және денсаулығына залал немесе зиян келтіруге, сондай-ақ өз қызметкерлері мен бірлесіп орындаушы қызметкерлерінің қайтыс болуына байланысты және Шартты орындау барысында және оның салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауап береді.

6.11. Қызмет көрсету барысында Жеткізушінің кінәсінен болған өрт, апаттар, жазатайым оқиғалар орын алған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге келтірілген залалды жоюға кеткен барлық шығынды Тапсырыс берушінің Жеткізушіге төлем шоты мен еркін нысанда ресімделген және Тараптардың өкілдері қол қойған Келтірілген залал актісін ұсынған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді. Өрт, апаттар, жазатайым оқиғалар болу фактілерін өрт сөндіру, апаттар мен жазатайым оқиғаларды жою жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға жауапты тиісті мемлекеттік органның бөлімшесі растайды. Келтірілген залал сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуелсіз бағалаушы анықтайды. Бұл ретте бағалау шығындарын Жеткізуші төлейді.

Жеткізуші өз кінәсінен болған өрттің, авариялардың, жазатайым оқиғалардың салдарын өз ресурстары мен қаражаты есебінен өз бетінше жоюға құқылы.

Келтірілген залалдың салдарын жою мерзімі келтірілген залалдың көлеміне қарай комиссиялық тәртіппен айқындалады және еркін нысанда жасалған және Тараптар қол қойған

келтірілген залал актісінде көрсетіледі.

6.12. Жеткізуші Қызмет көрсету кезінде Жеткізушінің қызметкерлерімен және бірлесіп орындаушы қызметкерлерімен болған барлық жазатайым оқиғалар бойынша, оның ішінде оның қызметкерлері мен бірлесіп орындаушы қызметкерлерінің:

1) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидаларын;

2) электр қондырғыларын пайдалану тәртібін регламенттейтін стандарттардың талаптарына сәйкес электр қондырғыларын пайдалану кезінде электр қауіпсіздігі қағидалары мен қауіпсіздік техникасын сақтамағаны үшін жауапты болады.

6.13. Жеткізуші оларға берілген жабдықтардың, автокөліктің, сапалы материалдардың, конструкциялардың, тораптар мен бөлшектердің тиісті сапада болмағаны үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған жабдықтарды, автокөлікті, сапалы материалдарды, конструкцияларды, тораптар мен бөлшектерді бергені үшін жауапты болады.

6.14. Тапсырыс беруші Шарттың 3.3-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарламаны алған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 15% (он бес пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылса не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) жария еткен жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге

жылжытылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдеуді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, содан кейін Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір зиянның өтемін талап етуге құқығы болмайды.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды оның қаншалықты қисынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген жағдайларға байланысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазумен> пайыз) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін енгізеді:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша.

9.2. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары Актіге қол қойған және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

9.3. Егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажет шараны қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Тараптардың орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

11.2. Шарттың 11.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптар оған қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлем жасауға қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;

4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер мөлшеріндегі соманы қайтарады және Шарттың 6-бөлімінде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді;

5) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫ КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТ ТІЛІ

13.1. Шарт заңды күші бірдей төрт данада: екеуі қазақ тілінде және екеуі орыс тілінде жасалды.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Жеткізушінің толық атауы>

<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы>

<Жеткізушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы>

<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>

<Жеткізушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банктің атауы>

<банктің атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Жеткізушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Жеткізушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

<Жеткізушінің БЕК>

Тапсырыс берушінің атынан

Жеткізушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение осуществить закупку услуг <наименование услуг> у Поставщика способом прямого заключения договора на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство оказать услуги <наименование услуг> (далее – Услуги) в соответствии с Технической спецификацией, в срок и на условиях, предусмотренных Договором.

